



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

город Астана

№ 544 от 29.08.2023

**«QazBioPharm» ұлттық холдингі»
акционерлік қоғамының
2022 жылғы жеке және
шоғырландырылған жылдық
қаржылық есептілігін және таза
кірісін бөлу тәртібін бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, және 178-бабы 3-тармағына, «Мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі, аппарат басшысы, бірінші вице-министрі және вице-министрлерінің арасында міндеттерді бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 842 бұйрығына, «QazBioPharm» ұлттық холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысы 81-тармағының 6) тармақшасына, «FSG AUDIT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тәуелсіз аудиторының 2023 жылғы 26 маусымдағы және 2023 жылғы 24 шілдедегі аудиторлық қорытындыларына, «QazBioPharm» ұлттық холдингі» акционерлік қоғамының Директолар кеңесі отырысының 2023 жылғы 28 тамыздағы № 2 хаттамасынан үзіндіге және Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № КГИП-03-КГ/8799 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «QazBioPharm» ұлттық холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2022 жылғы жеке және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі (Астана қаласы, Ш. Уәлиханов көшесі, 13/1, БИН: 220640040045, ЖСК: KZ08601A871004329011, «Қазақстан Халық банкі» акционерлік қоғамы, БСН: HSBKKZKX) бекітілсін.

2. 2022 жылдың қорытындысы бойынша алынған 22 246 584 (жиырма екі миллион екі жүз қырық алты мың бес жүз сексен төрт) теңге мөлшерінде Қоғамның таза табысы былайша бөлінсін:

1) 15 572 609 (он бес миллион бес жүз жетпіс екі мың алты жүз тоғыз) теңге сомасындағы 70 (жетпіс) пайызы қоғамның мемлекеттік акциялар пакетіне республикалық бюджет кірісіне дивидендтер төлеуге бағытталсын;

2) 6 673 975 (алты миллион алты жүз жетпіс үш мың тоғыз жүз жетпіс бес) теңге сомасындағы 30 (отыз) пайызы қоғамның иелігінде қалдырылсын.

3. 2022 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтердің мөлшері қоғамның бір жай акциясына есептегенде 4 теңге бекітілсін.

4. Қоғамның Бас директоры:

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 94 бұйрығымен бекітілген Жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілікті депозитарийге тапсыру қағидаларының талаптарына сәйкес қаржылық есептіліктің депозитарийін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға осы бұйрықтың 1-тармағында көзделген жылдық қаржылық есептілікті және «PDF (Portable Document Format)» электрондық форматында аудиторлық есепті (қол қойылған және аудиторлық ұйымның мөрімен куәландырылған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесін) жіберуді қамтамасыз етсін;

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде оны Қоғамның корпоративтік сайтында жарияласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Корпоративтік даму департаментіне жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау вице-министрі**

Б. Есенбаев

Подписано

29.08.2023 19:02 Есенбаев Бейбут Салымович

